

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қазақстан Республикасында офистер құру және олардың жұмыс істеуі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заң жобасы қабылдайтын іс-қимылдың ықтимал экономикалық, әлеуметтік және құқықтық салдарының болжамы

Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі - 1944 жылы құрылған Дүниежүзілік банк тобының бірінші институты. Институт бастапқыда Екінші дүниежүзілік соғыс салдарынан зардап шеккен Еуропа елдерін қолдау мақсатында құрылған. Акционерлер – ХҚҚДБ мүшелері Атқарушы Директорлар кеңесі арқылы, сондай-ақ Дүниежүзілік банк тобының Басқарушылар кеңесі арқылы басқарады.

Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі кредит құралдарының екі негізгі түрлерін ұсынады: инвестициялық қарыздар және дамыту несиелері. Сондай-ақ, көмек гранттар, бірлесіп қаржыландыру және техникалық көмек түрінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Дүниежүзілік банкінің мүшесі болып 1992 жылғы шілдеден бастап табылады, Дүниежүзілік банкінің Швейцариялық топтамасына кіреді. 1992 жылдан бері Дүниежүзілік банк жалпы сомасы 6,8 млрд.доллардан астам қарыз ұсынды.

Дүниежүзілік банк экономиканың әртараптандыруында, шағын және орта бизнесті қолдауда және институционалды реформаларды жүргізуде басты рөл атқарады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қазақстан Республикасында офистер құру және олардың жұмыс істеуі туралы келісім Дүниежүзілік банктің Қазақстандағы барлық кеңселерінің және қызметкерлерінің мақсаттарын, мәртебесін, артықшылықтары мен иммунитеттерін анықтайды. Берілген артықшылықтар, иммунитеттер мен жеңілдіктер адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ұзартуға немесе шектеу негізсіз әкеп соқпайды. Осы тұрғыда, теріс әлеуметтік-экономикалық немесе құқықтық салдарға әкеп соқпайды.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қазақстан Республикасында офистер құру және олардың жұмыс істеуі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заң жобасының қаржы-экономикалық есебі

Жобаны іске асыру мемлекеттік бюджеттен қаржы шығындарын талап етпейді. Бұл ретте, 2016 бастап 2018 жылдары аралығында жергілікті бюджет түсімдердің 89 194 мың теңге ұлғайуы күтілуде, соның ішінде:

2016ж. 29 000 мың.теңге

2017ж. 29 725 мың.теңге

2018ж. 30 469 мың.теңге.